



010000, Нұр-Сұлтан қ., Бейбітшілік к-сі, 11 үй
тел.: 55-66-31, 55-66-35, факс: 55-72-94

010000, г. Нур-Султан, ул. Бейбитшилик, 11
тел.: 55-66-31, 55-66-35 факс: 55-72-94

№
19.05.2021 № 4 ге

**Тұрақты комиссияның
2021 жылғы 19 мамырдағы
қаулысы**

**Луи Пастер көшесі, 73
мекен-жайында орналасқан
жатақхананың проблемалық
мәселелері туралы**

Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының Құрылыс, экология, көлік, сауда және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясы Нұр-Сұлтан қаласы, Луи Пастер көшесі, 73 үй мекенжайы бойынша орналасқан жатақхананың (бұдан әрі – жатақхана) проблемалық мәселелерін жан-жақты зерделеп, төмендегіні атап өтеді.

150 отбасынан тұратын жатақхана тұрғындары Нұр-Сұлтан қаласының мәслихатына (бұдан әрі – Мәслихат) жылыту жүйесінің герметикалануын бұзудан, жылыту құбырларының, кәріздің, сумен жабдықтаудың жүйелі бұзылуынан, шатырдың ағуынан, электр энергиясын беру желілерінің тұйықталуынан, қабырғалардың құлауынан және т.б. көрінетін жатақхана ғимаратының бірқатар кемшіліктеріне шағым жасады. Осы проблемалардың салдарынан ылғалдылықтың жоғарылауы, саңырауқұлақша, зеңдердің өршуі, жәндіктер, кеміргіштер көбеюі сияқты тұрғындардың өмір сүруі үшін қолайсыз жағдайлар туындайды. Тұрғындардың пікірінше, жатақхана апатты жағдайда және олардың денсаулығы мен өміріне қауіп төндіріп тұр.

«Нұр-Сұлтан қаласының Тұрғын үй және тұрғын үй инспекциясы басқармасы» ММ ақпараты бойынша аталған тұрғын үйді 2017 жылы тексеру бойынша техникалық қорытынды алынды, оған сәйкес жалпы физикалық тозу 52% болды. Қазіргі уақытта 2021 жылы техникалық тексеру жүргізуді қажет ететін көп пәтерлі тұрғын үйлердің тізбесі жасалды. Алайда жатақхана жоғарыда көрсетілген тізбеге енгізілмеген.

Мәслихаттың Құрылыс, экология, көлік, сауда және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясы «Нұр-Сұлтан қаласының тұрғын үй және тұрғын үй инспекциясы басқармасы» ММ, «Байқоңыр» ауданы әкімінің аппараты, «Байқоңыр» ауданының санитарлық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы өкілдерінің қатысуымен

000149

жатақхана орналасқан мекенжай бойынша көшпелі отырыс өткізді. Отырыс барысында ғимараттың қанағаттанарлық емес жағдайы туралы тұрғындардың шағымдары расталды. Сонымен қатар, депутаттарға Луи Пастер көшесі, 69 мекен-жайы бойынша орналасқан жатақханаға қатысты ұқсас шағымдар түсті.

Сондай-ақ, отырыс барысында жатақханаларды объективті және жан-жақты бағалауды қамтамасыз ететін тексеру комиссиясының құрамына қызмет көрсететін ұйым өкілдерін қосу қажеттігі атап өтілді.

Жоғарыда баяндалғанның негізінде Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының Құрылыс, экология, көлік, сауда және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясы **ҚАУЛЫ ЕТТІ:**

1. Нұр-Сұлтан қаласы, Луи Пастер көшесі, 73 мекенжайы бойынша орналасқан жатақхананың проблемалық мәселелерін талқылау жөніндегі ақпарат назарға алынсын.

2. Нұр-Сұлтан қаласының әкімдігіне ұсынылсын:

Нұр-Сұлтан қаласы, Луи Пастер көшесі, 73 үй және 69 үй мекенжайы бойынша орналасқан жатақханаларды 2021 жылға арналған техникалық тексеру объектілерінің қосымша тізіміне енгізу;

жатақханаға қызмет көрсететін ұйым өкілдерінің объектілерді тексеру жөніндегі комиссия құрамына қатысуын қамтамасыз ету.

3. Мәслихатқа бір ай мерзімде осы қаулының орындалуы жөнінде ақпарат беруді қамтамасыз ету.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының Құрылыс, экология, көлік, сауда және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

**Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының
Құрылыс, экология, көлік, сауда
және тұрғын үй-коммуналдық
шаруашылық мәселелері жөніндегі
тұрақты комиссиясының төрағасы**

Б. Котырев